

Қорқыт Ата кітабының 1300 жылдығын мерекелеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 8 қыркүйек N 1337

Бүкіл адамзат рухани қазынасының аса көрнекті өкілі Қорқыт Атаның мұрасын терең зерделеп, кеңінен насихаттау мақсатында және халықаралық ЮНЕСКО ұйымының "Қорқыт Ата кітабының" 1300 жылдығын мерекелеуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қызылорда облысының әкімі белгіленген тәртіппен Қызылорда қаласында Қорқыт Атаға ескерткіш орнатуды қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігімен, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесіп "Қорқыт және Ұлы Дала сазы" халықаралық дәстүрлі саз фестивалін, қобызда орындаушылардың "Қыл қобыз" республикалық конкурсын өткізсін.

2. Алматы қаласының әкімі "Қорқыт Ата кітабының" 1300 жылдығына

арналған жұртшылықтың салтанатты жиналысы мен Қазақстан өнер шеберлерінің концертін өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Астана қаласының әкімі Қазақстан өнер шеберлерінің "Қорқыт Ата өнері - ұрпағының үнінде" атты әдеби-музыкалық көрінісін өткізсін.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі белгіленген тәртіппен мыналарды ұйымдастырсын:

Қорқыт Атаның музыкалық туындыларын басып шығару;

деректі фильм шығару;

Қорқыт Ата шығармаларынан компакт-диск шығару;

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында безендірілген кітап көрмесін өткізу;

бұқаралық ақпарат құралдарында мерейтойлық шараларды кеңінен көрсету.

5. Қорқыт Ата кітабінің 1300 жылдығына арналған мерейтой салтанатын өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 1999 жылға арналған бюджетте тиісті мемлекеттік бағдарламалардың әкімші-мекемелеріне көзделген қаражаттың есебінен және соның шегінде жүзеге асырылады деп айқындалсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК